



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ҰЖЫМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ШАРТЫ ҰЙЫМЫНЫҢ ӘСКЕРИ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЛАРЫ

Калиева Салтанат Ерболовна

kalieva-saltanat@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті

аймақтану мамандығының 1 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі – Оспанова А.Н.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі өзара іс-қимыл мен үйлестіру жұмыстарының құралдарының бірі болып табылады.

ҰҚШҰ – халықаралық аймақтық бірлестік, құрамына Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы кіреді. Ұйымның мақсаттары бейбітшілікті, халықаралық және өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту, қол жеткізуде саяси амал-тәсілдерге басымдық беретін, ұжым негізінде мүше-мемлекеттердің тәуелсіздігін, егемендігі мен территориялық тұтастығын қорғау болып табылады. Ұйым өз қызметінде ТМД-ға кірмейтін мемлекеттермен ынтымақтасады, қауіпсіздік саласында іс-қимыл жасайтын халықаралық үкіметаралық ұйымдармен қатынасты сақтайды. Ұйым халықаралық құқықтың көпшілікке танылған қағидаттарына негізделген әділетті, демократиялық әлем тәртібін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бүгін әлем түрлі қауіптердің алдында тұр, ол Орталық Азия елдеріне де төнуі мүмкін, сол себепті, потенциалды қауіптерге тойтарыс бере алатындай дайындық болып қажет. Лаңкестік топ болсын, сепаратисттік топ болсын, экстремисттік топ болсын, олардың кенет шабылуын немесе жоспарланған әрекеттерін алдын ала отырып, ҰҚШҰ-ға мүше-мемлекеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оқу-жаттығулар жиі өткізіліп отырады. Оқу-жаттығу мәселесі ұжымдық қауіпсіздік аймағындағы халықаралық лаңкестік және экстремисттік ұйымдардың әрекеттерінің көлеміне байланысты жасалып, шектес мемлекеттердің территорияларын қолдану арқылы жүзеге асырылды. Іс-шараларға Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының Ресей Федерациясының, Тәжікстан Республикасының Ішкі істер органдарының (полиция) арнайы бөлімшелері ат салысты [1].

Әскери оқу-жаттығуларының мақсаттары – ҰҚШҰ-ға мүше-мемлекеттерінің бітімгершілік күштерінің арасында өзара түсінушілік пен ынтымақтастықты нығайту, бітімгершілік операцияларды дайындау жұмысы барысында барлық деңгейдегі қызметкерлер мен командирлердің тәжірибелік біліктілігі мен дағдыларын жоғарлату және де басқарма бөлімдері мен бөлімшелерін бітімгершілік міндеттерді жүзеге асыруда тәжірибесін жоғарлату. Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымының бітімгершілік іс-шараларға ерекше көңіл бөледі. Бұл әлемде орын алып жатқан мәселелерге байланысты, әсіресе, ҰҚШҰ-ның жауапкершілік аймақтарында. Ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдары ҰҚШҰ-ға мүше-мемлекеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сонымен бірге, кез-келген агрессордың егемендікке және территориялық тұтастыққа қол сұғушылығынан қорғауды қамтамасыз ету.

2016 жылдың 22 сәуірінде Тәжікстан Республикасында Мағоб оқу орталығында ҰҚШҰ-ға мүше-мемлекеттердің қарулы күштерінің «Ұйымға мүше мемлекетте әскери-саяси жағдайдың шиеленісуіне кезінде Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымына мүше-мемлекеттердің қарулы күштерінің барлау күштері мен құралдарын ұйымдастыру және өткізу» атты тақырыпта, барлау құралдары мен күштері бірлескен оқу-жаттығуы өтті. Бұл оқу-жаттығу барысында, барлау ақпараттарын жинау, өңдеу және талдау, сонымен қатар, аса маңызды нысандарды арнайы (әскери) барлау күштерінің (бөлімшелерімен) көмегімен, басып алу

немесе жою кезінде арнайы операцияларды өткізу, біріккен топтық пунктерде топтар мен пунктер арасында барлау ақпараттарымен алмасу. Барлау жұмысы түрлі практикалық әдістермен өтті, мысалы, тұтқындағы адамды іздеп-табу, заңсыз қарулы топтың лидерін тұтқындау және ғимаратқа шабуыл жасау, заңсыз қарулы топтың лагерін жою және тұтқындағы адамдарды босату сияқты шаралар жасалды.

«Поиск-2016» оқу-жаттығуының мақсаты – біріккен операциялар кезінде құралдар мен күштерді басқаруды тексеру, Орталық Азия аймағында лаңкестік бағыттағы жағдайлар болған кезде тапсырмаларды орындау мүмкіндігін бағалау, ҰҚШҰ мүше-мемлекеттерінің әскери барлаудың арнайы топтары мен бөлімдерінің оперативті үйлесімділігіне қол жеткізу.

«Поиск-2016» оқу-жаттығуында 1,5 мың әскери қызметкерлер, сондай-ақ армия, жедел-тактикалық, көлік және ұшқышсыз әуе кемесінің экипаждары қатысты. Оқу-жаттығудың белсенді фазасы Беларусь Республикасының Қарулы Күштерінің радиоэлектрондық құралдарының барлау жұмыстарымен басталды. «Грач» және «Капкан» кешендерімен жабдықталған мобильді топтар, шартты қарсыластың байланыс радиостанция орнын тез анықтау және белгілеу, ақпаратты біріккен барлау пунктіне хабарлау арқылы оқу-жаттығулар жүзеге асты. Сонымен қатар, қарсыласпен кенеттен кездесу кезінде жоғары жылдамдықты тактикалық ату юойынша мастер-класстар көрсетілді. Тәжікстандағы «Поиск-2016» әскери оқу-жаттығуы барлау саласында алға қойылған мақсатқа жетті [2].

Осындай оқу-жаттығулардың бірі 2016 жылдың 26-шы мамырында Армения Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Багмарян» оқу орталығының базасында «Кобальт-2016» оқу-жаттығулары жүргізілді. Бұл шарада ҰҚШҰ-ның жедел әрекет ету Ұжымдық күшінің (әрі қарай – КСОР (Коллективные силы оперативного реагирования)) құрамына кіретін, арнайы мақсаттағы ҰҚШҰ-ға мүше-мемлекеттердің Ішкі істер органының бөлімшелері қатысты. «Кобальт-2016» барысында лаңкестік топтарды, қарулы наркотоптарды жою және КСОР-дың әскери құрылымымен бірге тұтқындарды босату жұмыстары жасалды. Ойластырылған жағдай бойынша, 26-шы мамыр таңертен заңсыз қарулы топ Полицияның әскери патруліне және өткізу бекетіне шабуыл жасайды, бірнеше «шабуылшылар» шартты Аревик тұрғын мекеніне кіріп кетті. Басшылық барлау жұмыстарын жасау үшін, заңсыз қарулы топтарды іздеп, «шабуылшылар» кірген аумақты қоршау үшін ҰҚШҰ-ның КСОР бөлімшелерін шақыртуға шешім қабылдайды. Арменияның Полиция әскерлері, Ресейден ұйымдасқан қылмыспен күресу басқармасы (ГУБОП) мен «Зубр» ерекше мақсаттағы милиция жасағының (ОМОН) спецназдары шақыртылды. КСОР-дың бөлімшелері әскери және транспорттық авиацияның 4 тікұшағын, бронетранспортерлар және әскери барлау-патрульді автокөліктер жұмылдырды, шабуылшыларды жою мен шабуылдарын көрсетуге бағытталған арнайы операция жүргізді. Осыдан кейін, Ресейдің «Рысь», Армения Полициясының ГУБОП, Қазақстанның Ұлттық гвардия және Қырғызстанның Ішкі істерминистрлігінің спецназдары «Тигр» бронеавтомобильдарында «шабуылшылар» тұтқындарды ұстап отырған ғимаратты қоршады. Ғимарат үстінде спецназдары трос көмегімен түсетін, «МИ-8» транспорттық тікұшағы болды, жауынгерлер анлаулы құрылғыларда терезелердің қасында қалқып тұрды. Команда бойынша жарық-дыбысты граната жарылып, басып алу тобы екінші, үшінші қабаттарға бір уақытта еніп, тұтқындарды залалсыздандыра отырып, «террористтерді» тұтқындады. Ғимарат қызметтік иттермен бірге саперлардың көмегімен, эксперт-криминалисттер және оперативті-тергеу топтарымен тексеріліп шықты.

«Кобальт-2016» әскери оқу-жаттығуына ҰҚШҰ Бас хатшысы Николай Бордюжа, Арменияның Полиция басшысы Владимир Гаспарян, Арменияның Қорғаныс министрі, ҰҚШҰ Қорғаныс министрлер Кеңесінің төрағасы Сейран Оганян, ҰҚШҰ-ға мүше-мемлекеттердің Ішкі істер министрлерінің орынбасарлары, ТМД Антитеррористік орталығының және ШЫҰ Аймақтық антитеррористік құрылымының өкілдері қатысты.

Бұл оқу-жаттығуының маңыздылығы мұндай құраммен алғаш рет Кавказ ұжымдық қауіпсіздік аймағында Армения Республикасында өткізілуі және антитеррористік бағытта болуы. Қорытындылай келе, бұл өткізілген оқу-жаттығу спецназдар үшін арнайы

операцияларды орындау арқылы бірлесе жұмыс жасауға және көп тәжірибе алуға мүмкіндік беретінің көрсете кету керек.

2016 жыл ҰҚШҰ-ға мүше-мемлекеттер басшыларының шешімі бойынша ҰҚШҰ іс-шараларының негізгі басым көпшілігі лаңкестікпен күресуге бағыттылған жыл болып есептелінеді. Жалпы арнайы бөлімшелер мен қарулы күштердің жеке құрамынан 500-ден аса адам, арнайы және бронетехникалардың 20-дан аса бірлігі, 4 әскери және транспорттық тікұшақтары жұмылдырылды [3].

Келесі маңызды оқу-жаттығулардың бірі, Ресей Федерациясының Псков облысының «Струги Красные» полигонында, 2016 жылдың 16 тамызында Батыс әскери округының әскерін басқарушы генерал-полковник Анрдей Картаполовтың басшылығымен, КСОР ҰҚШҰ әскери құрылымының қатысуымен командалық-штабтық «Взаимодействие-2016» оқу-жаттығуы өтті.

Оқу-жаттығу шараларында ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің барлығының КСОР-дың қарулы күштері мен әскери құрылымдары қатысты. Олардың әскерлерінің саны 1300 адамнан асты. Жалпы Батыс әскери округының әскер санын қосқанда 6000-ға жуық адам және 1000-ға жуық қару-жарақ, әскери және арнайы техника бірліктері жұмылдырылды.

Бұл шараның белсенді фазасына ат салысуға ҰҚШҰ-ның Бас хатшысы Николай Бордюжа, ҰҚШҰ Біріккен штабының басшысы генерал-полковник Анатолий Сидоров қатысты, сонымен бірге, оқу-жаттығуды НАТО-ғы Ресей Федерациясының тұрақты өкілі Александр Грушко бақылап отырды.

«Взаимодействие-2016» оқу-жаттығуы ұжымдық қауіпсіздік аймағындағы шекаралық қарулы қақтығыстарды оқшаулау бойынша біріккен операцияларды жүзеге асыруға бағытталған.

Негізінен, оқу-жаттығуларда ҰҚШҰ-ға мүше-мемлекеттің территориясының шекаралық бөлігін ҰҚШҰ-ның КСОР командалық сценаріі бойынша, Ивановадан ресейлік десанттар, және олардың Беларусь, Қазақстаннан шыққан әріптестері МИ-8 тікұшағының көмегімен шартты қарсыластарының топтара шабуыл жасап, қоршауға алынды. Шабуыл кезінде әуеде Батыс әскери округының авиациясы, СУ-24, СУ-34 бомбылаушылары, КА-52 «Аллигатор» және МИ-28 «Ночной охотник» тікұшақтары қолдау көрсетті. Сонымен қатар, маневрлік қорғанысты жүргізуде «Орлан-10» ұшқышсыз аппараты, 152-мм «Мста-С» және 122-мм «Гвоздика» гаубицалары, Т-72Б3 танкілері қолданылды. Оқу-жаттығу барысында Батыс әскери округы, КСОР-дың командалық және басқару органдары, сонымен бірге, Ресей Федерациясының Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері мен бөлімшелерінің тәжірибелік әскери әрекеттері кезіндегі, басқару ұйымы мен стратегиялық біккен басқару арасындағы өзара әрекеттесу алгоритімінің жасалу тиімділігі тексерілді [4].

2016 жылғы маңызды іс-шарасы Беларусь Республикасының «Обуз-Лесновский» 230-шы жалпыәскери полигонында ҰҚШҰ-ның Ұжымдық бітімгершілік күштерінің «Мызғымас бауырластық-2016» атты БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мандаты бойынша оқу-жаттығуы өтті.

Оқу-жаттығудың белсенді фазасында бітімгершілік контингенттердің іс-қимылдарын ҚР Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР Қарулы Күштері Бас штабының бастығы генерал-полковник Сәкен Жасұзақов, ҰҚШҰ-ның Бас Хатшысы Николай Бордюжа, ҰҚШҰ Біріккен штабының бастығы генерал-полковник Анатолий Сидоров, Армения мен Беларусь қарулы күштері бас штабтарының басшылары, Беларусь Республикасында аккредиттелген әскери-дипломатиялық корпусының, Қызыл Крест халықаралық комитетінің өкілдері және өзге де шақырылған меймандар қадағалады. Бітімгершілік операцияда олардың тапсырмаларды орындауы бойынша белсенді іс-қимылдарды жүргізу кезінде ұлттық бітімгершілік құрылымның жауынгерлік үйлесімділігіне ерекше назар аударылды.

Бітімгершілік оқу-жаттығуының тақырыбы: «ҰҚШҰ Ұжымдық бітімгершілік күштерімен бейбітшілікті сақтау мақсатындағы операцияларды даярлау мен жүргізу».

Оқу-жаттығудың белсенді фазасында, тәжірибелік жұмыстар барысында бірнеше мәселер бойынша біліктілік пен дағды қалыптасты:

- мигранттармен жұмыс (босқындар);

– транспорттық авиация күштерімен белгіленген аймаққа құрылымның материалдық құралдарын жеткізу, оны күзетуді ұйымдастыру, ұшқышсыз авиациялық кешендерді қолдану арқылы маршруттарды барлау жұмысын жүргізу, қозғалыс маршрутында жарылғыш құрылғыны анықтау, тікұшақтан жарылғыш затты залалсыздандыру тобын түсіру жұмыстары;

– шабуылшыларды өрт аймағынан шығару жұмыстары;

– аса маңызды нысандарды күзету барысында, шабуылшылар өрт шығарған жағдайда, нысанды құрамында қатты әсер етуші зиянды заттардан тазарту және радиациялық, химиялық барлау, өрт сөндіру жұмыстарын жүргізу;

– тұтқындағы адамдарды босату және гуманитарлық көмек көрсету жұмыстарында.

«Мызғымас бауырластық-2016» оқу-жаттығының арқасында, қарулы қақтығыс немесе шабуыл болған жағдайда ҰҚШҰ-ның әскери құрамы сапалы нәтижені көрсетуі тиіс.

ҰҚШҰ – ұйымға мүше-мемлекеттердің бейбітшілігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған халықаралық құрылым [5].

Ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында бірлескен ұмтылыстар іске асырылу жалғасуда. 2016 жылдың 7 қазанында Қырғыз Республикасының Әскери Күшінің (Балыкчы қаласы) «Эдельвейс» оқу орталығының полигонында Орталық Азия аймағын күшейту мақсатында Ұжымдық күш контингенттерімен (әрі қарай - КСБР ЦАР) «Рубеж-2016» деп аталатын, біріккен тактикалық оқытулар жүргізілген болатын, бұл ҰҚШҰ-ның 2016 жыл бойынша басқару органдарының және ұжымдық қауіпсіздік күшінің практикалық қорытындысы болды. Оқу-жаттығу барысында мүше-мемлекеттердің КСБР ЦАР құрамына кіретін Қарулы Күштері бөлімшелерімен, сонымен қатар, арнайы мақсатта жұмсалатын күштері, төтенше жағдай және егемендік пен территорияның тұтастығын қорғайтын Қырғызстанның Ұлттық гвардиясымен біріккен іс-шаралары атқарылған.

Практикалық әрекеттер кезеңінде келесі шаралар өткізілген: заңсыз қарулы топтарды (НВФ) бейтараптандыруға арналған шаралар; экстремисттерден қауіп төнген жағдайда жергілікті тұрғындарды қауіпсіз жерге эвакуациялау шаралары; химиялық қауіпті нысанындағы террористтік акт салдарын ликвидациялау; фильтрация пунктін жұмысын ұйымдастыру және босқындарды қабылдау пункті, сонымен қатар, заңсыз қарулы топтарды анықтау мен жою бойынша әскери іс-қимылдар жүргізу.

Біріккен практикалық оқытуда барлау, «Стрелец» байланыс және бақылау шаралары кіретін барлау-ату комплексі, пилотсыз ұшу аппараттары, ракета әскерлері мен артиллериялары, Ту-95мс, Ту-22м3, Су-24мр, Су-24м, Су-25 оперативті-тактикалық және барлау авиациясының стратегиялық ұшақтары және Ми-24 тікұшағы кең қолданылды. Барлау-ату контурының қолданылуы командалық пунктке барланған және талқандалған жерлер бойынша ақпарат беріп, мақсатқа жету жұмыстарын жетілдірді. Оқыту барысында Қырғыз Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы, генерал-майор Дуйшенбиев Райимберди Сейдакматович, ҰҚШҰ-ға мүше-мемлекеттердің парламенттерінің қорғаныс және қауіпсіздік комитеттері төрағалары (комиссиялар), және Қырғыз Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің әскери атташелері қатысты.

Оқу-жаттығу шаралары аяқталған соң қару-жарақ пен әскери техникалардың көрмесі өтті. Штаб, КСБР ЦАР-дың әскери топтары оқу-жаттығу барысында таулы жағдайларда контртеррористтік операцияларды жүргізу туралы тәжірибесін толықтырды. Бұқаралық ақпарат құралдары алдындағы өзінің сөзінде ҰҚШҰ-ның Біріккен штабының басшысы, генерал-полковник Сидоров Анатолий Алексеевич, оқытулар жоғары кәсіби деңгейде ұйымдастырылғандығын және өткенін, басқару органдары тәртіппен жұмыс атқарып, әскер жақсы дайындығын көрсеткенін атап кетті [6].

Ұйым алдында тұрған міндеттерді шешу үшін ұжымдық саяси іс-қимылдың басымдығы мен маңыздылығына қарамастан, ҰҚШҰ ерекшелігі еуразиялық өңірдегі дәстүрлі және қазіргі заманның сын-тегеуріндері мен қауіптеріне қарсы іс-қимыл жасауға дайын әрекетті күш әлеуетінің болуы болып табылады.

Николай Бордюжа: «Біздің оқу-жаттығуларымыз ешкімді де қорқыту емес, бірақ олар

басқаларға біздің мемлекеттердет күш пен ерік бар екендігін көрсетеді»

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы <http://www.mfa.kz/index.php/kz/aza-stanny-syrt-y-sayasy/aza-stan-men-alamdy-zh-ne-ajma-ty-aupsizdik/zhyndy-aupsizdik-turaly-sharty-jymy>
2. В Таджикистане завершилось совместное учение с силами и средствами разведки вооруженных сил государств-членов ОДКБ «Поиск-2016» http://www.odkb-csto.org/training/detail.php?ELEMENT_ID=6109&SECTION_ID=213
3. Антитеррористическое учение ОДКБ «Кобальт-2016» завершилось на полигоне «Баграмян» в Армении. Спецподразделения МВД из состава формирований сил спецназначения провели специальную операцию по «уничтожению» террористических групп и наркогруппировки http://www.odkb-csto.org/training/detail.php?ELEMENT_ID=6426&SECTION_ID=95
4. В Псковской области началось командно-штабное учение «Взаимодействие-2016» с воинскими контингентами КСОР ОДКБ http://www.odkb-csto.org/training/detail.php?ELEMENT_ID=6921&SECTION_ID=93
5. Подготовка миротворцев ОДКБ на учении «Нерушимое братство-2016» идет «полным ходом» http://www.odkb-csto.org/training/detail.php?ELEMENT_ID=7239&SECTION_ID=250
6. На горном полигоне "Эдельвейс" в Кыргызстане началось учение Коллективных сил быстрого развертывания Центрально-Азиатского региона «Рубеж-2016» http://www.odkb-csto.org/training/detail.php?ELEMENT_ID=8151&SECTION_ID=94

УДК 332.135(4-15)

ОРТАҚ ЕУРОПАЛЫҚ НАРЫҚ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Кулжанбекова Айзат Абдикалыковна

kulzhanbekova14@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Халықаралық қатынастар факультеті, аймақтану кафедрасының 3курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Ахмет Ә.С.

1992 жылы ақпан айында Маастрихт келісіміне қол қою – евроның енуі мен бірыңғай валюталық зонаның пайда болу үдерісін бастады. Бұл келісім қол қойған елдердің валюталық және монетарлық саясатының бірігуін, сонымен бірге, Германия және Франция елдері тәрізді жетекші елдердің эффективті және тұрақты экономикасына байлануын білдірді. Еуропалық одаққа енген перифериялық мемлекеттер еурозонаға кіру арқылы еуропалық «ядро» болып саналған елдер тәрізді тұрақтылықпен қамтылуды қамтамасыз етуге тырысканы құпия емес[1].

1999 жылы 1 қаңтар Еуропалық валюталық одақтың (ЕВО) немесе Еуропалық валюталық-экономикалық одақтың (ЕВЭО) қызметін бастаған кез. Алғашқы кезде оған 10 мемлекет енді, кейінірек (2001 ж.) Грекия қосылды. Бүгінде, Еуроаймаққа 17 мемлекет мүше, елдердің бірқатары қосылуға дайындық жасауда. Экономикалық тарихта осындай үлкен қатысушыларды қамтыған валюталық одақ болған емес, сондықтан оның құрылуындағы бірқатар қателіктердің болуы да осыған байланысты.

Әлемдік қауымдастықта мойындалған Еуропалық мемлекеттерді біріктірген фактор – евроның төлем құралы ретінде қабылдануы болды. Жалпы, евро тек аймақтық төлеу валютасы ғана емес, халықаралық валюта болып табылады. Сондықтан, ол тек Еуроаймақ үшін ғана емес, халықаралық валюталық нарық үшін маңызы зор. Евро АҚШ доллары, қытайлық юань, британдық фунтпен салыстырғанда өте жас валюта. Ал оның басты ерекшелігі – ұлтүсті сипаты мен басқарудағы қиын механизмінде. Өзінің қысқа қызмет